

Астана қаласының тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының шекараларын бекіту туралы

Күші жойған

Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 26 қарашадағы N 404/53-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 13 желтоқсанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 658 болып енгізілді. Күші жойылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 17 тамыздағы № 218/28-VII шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 17.08.2022 № 218/28-VII (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, Астана қаласының тарихи және мәдени ескерткіштерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының шекаралары бекітілсін.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихатының

сессия төрағасы

Е. Оспанов

Астана қаласы мәслихатының

хатшысы

В. Редкокашин

Астана қаласы мәслихатының

2010 жылғы 26 қарашадағы

№ 404/53-IV шешіміне

Қосымша

Астана қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының шекаралары

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 31.03.2015 № 354/49-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

--	--	--	--	--

№	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің орналасқан жері	Қорғау аймағының көлемі	Құрылыс салуды реттеу аймағының көлемі
1.	Мұсылман мектебі, XIX ғ.	Отырар көшесі, 31	880 м ²	3400 м ²
2.	Тың игерушілер сарайы	Бейбітшілік көшесі, 1	17250 м ²	41370 м ²
3.	Көпес И.С. Силиннің үйі	Кенесары көшесі, 35	600 м ²	4216 м ²
4.	Ерекше міндет бөлім отрядтары құрылған үй	Ж. Омаров көшесі, 57	6630 м ²	20250 м ²
5.	Теміржолшылар сарайы	Ақжайық көшесі, 10	8211 м ²	19539 м ²
6.	1954 жылы алғашқы тың игерушілер келген вокзал және вокзал алаңы	310 – дивизия атындағы вокзал маңындағы алаң	8704 м ²	25600 м ²
7.	С ә к е н Сейфуллиннің ескерткіші	Жеңіс даңғылы, 62	150 м ²	594 м ²
8.	Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгерлердің ескерткіші	Жеңіс даңғылы, Қазақ ұлттық өнер университеті ғимаратының жанында	338,5 м ²	1239 м ²
9.	Константин және Елена шіркеуі	Республика даңғылы, 12	3617,6 м ²	17484,8 м ²
10.	Қалалық басқарма ғимараты	Желтоқсан көшесі, 17	1066 м ²	4234 м ²
11.	Гимназия	Т. Бигелдинов көшесі, 72	6688 м ²	33088 м ²
12.	Көпес Д.В. Егоровтың үйі	М. Әуезов көшесі, 5 а	1240 м ²	4270 м ²
13.	Көпес үйі	М. Әуезов көшесі, 20	1337,8 м ²	5683,4 м ²
14.	Дәрігер Ф.И. Благовещенскийдің үйі	М. Әуезов көшесі, 20 а	722 м ²	2591 м ²
15.	Жасыл мешіттің дуалы	Абай даңғылы, 83	620 м ²	1790 м ²
16.	Көпес С.А. Кубриннің ауруханасы	Ә. Жангелдин көшесі, 40	2038,2 м ²	7250 м ²
17.	Көпес В.М. Кубриннің үйі және жапсаржайы	Кенесары көшесі, 41	1687 м ²	6583 м ²

18.	Көпес М.К. Кубриннің сауда үйі	Кенесары көшесі, 37	1605 м ²	6413 м ²
19.	П.Г. Моисеевтің үйі	Ә. Бөкейхан көшесі, 40	1409 м ²	5430 м ²
20.	"Октябрь" кинотеатрының ғимараты	Абай даңғылы, 29	2354 м ²	7974 м ²
21.	Пионерлер үйі	Бейбітшілік көшесі, 6	1785 м ²	6825 м ²
22.	"Есіл" қонақ үйінің ғимараты	Бейбітшілік көшесі, 8	3924 м ²	12243 м ²
23.	Астана қаласы әкімдігінің ғимараты	Ж. Омаров көшесі, 60	4608 м ²	13824 м ²
24.	Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің ғимараты	Т. Бигелдинов көшесі, 74/1	2190 м ²	7650 м ²
25.	<i>Алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 31.03.2015 № 354/49-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.</i>			
26.	Мұсылман жастарына арналған Б. Қосшығұловтың мектебі	Абай даңғылы, 24	2570 м ²	7531 м ²
27.	"Астана-Бәйтерек" монументалдық құрылысы	Есіл өзенінің сол жақ жағалауы, 1	R-97 м	105600 м ²
28.	Кенесары ханның ескерткіші	Есіл өзенінің оң жақ жағалауы	986 м ²	6314 м ²
29.	А. С. Пушкиннің ескерткіші	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ауданы	112 м ²	346 м ²
30.	С. Сейфуллиннің ескерткіші	С. Сейфуллин - М. Әуезов көшелері	88 м ²	607 м ²
31.	"Астана" мүсіні	Ж. Тәшенов көшесіндегі шағын гүлбақта	400 м ²	1296 м ²
32.	Метеостанция ғимараты	Жамбыл көшесі, 11	615 м ²	2007 м ²
33.	"Космос" және " Баспа" мозаикалық панно	Бейбітшілік көшесі, 25	903 м ²	6890 м ²
34.	Саяси қуғын - сүргін және тоталитаризм құрбандарының "		22000 м ²	36400 м ²

	А л ж и р " мемориалды - мұражай кешені	Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы		
35.	"Қараөткел" мұсылман зираты	"Жастар" шағын ауданы	17125 м ²	17125 м ²
36.	Бозоқ қалашығы, X - XI ғғ.	Бұзықты көлінің шығыс жағалауы	200000 м ²	
37.	Бозоқ қыстауы II, XVIII - XIX ғғ.	Бұзықты көлінің шығыс жағалауы	10000 м ²	
38.	Қозыкөш қыстауы I, XVIII - XIX ғғ.	Ильинка селосынан батысқа қарай 4 шақырым жерде	14500 м ²	
39.	Қозыкөш қыстауы II , XVIII - XIX ғғ.	Ильинка селосынан батысқа қарай 4 шақырым жерде	13200 м ²	
40.	Қозыкөш қыстауы III, XVIII - XIX ғғ.	Ильинка селосынан батысқа қарай 4 шақырым жерде	23000 м ²	
41.	Қозыкөш қыстауы IV, XVIII - XIX ғғ.	Ильинка селосынан батысқа қарай 4 шақырым жерде	17600 м ²	
42.	Қозыкөш қыстауы V, XVIII - XIX ғғ.	Ильинка селосынан батысқа қарай 4 шақырым жерде	22500 м ²	
43.	С ы ғ а н а қ көшесіндегі қорған, б.э.д. I мың. соңы	Қаланың шығыс бөлігі, Есілдің оң жақ жағалауы	22500 м ²	
44.	Күйгенжар қорғаны, б.э.д. I мың. соңы	Күйгенжар селосының солтүстік-шығысын а қарай 4 шақырым жерде	62500 м ²	
45.	Сарқырама қорғаны , ерте ортағасыр	Қосшы селосынан солтүстік-батысқа қарай 4 шақырым жерде	37500 м ²	
46.	Шұбар қорғаны, ерте ортағасыр	Астана қаласының солтүстік-шығыс аймағы, Шұбар селосынан солтүстік-шығысқа қарай 1 шақырым жерде	16500 м ²	
47.	Көктал жалғыз қорғаны, ерте темір ғасыр б.э.д. VII - III ғғ.	Астана қаласының солтүстік аймағы (Көктал кентінен солтүстікке қарай 1,5 шақырым жерде)	14400 м ²	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК